

**«ДСҰ-ға және ЕАЭО-ға кіру жағдайында Қазақстан Республикасында
зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау» тақырыбындағы
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ұсынымдар**

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Мемлекет Басшысының әлемнің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру бойынша «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты тапсырмасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық экономика министрлігіне Әділет министрлігімен және басқа да салалық министрліктермен бірлесіп Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі аясында көрсеткіштерді жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарында «Зияткерлік меншікті қорғау» ЖБИ көрсеткішін жақсарту бойынша нақты шараларды көздеу тапсырылсын.

2. Селекциялық жетістіктерді тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігіне Өсімдіктердің жаңа тұқымдарын қорғау жөніндегі конвенцияны ратификациялау бойынша ұсыныстар енгізілсін.

3. Ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту және Комиссия отырыстарында жылына кемінде бір рет зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғаудың құқық қолдану практикасының проблемалық мәселелерін және оларды реттеу үшін қабылданатын шараларды қарастыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау жөніндегі ведомствоаралық комиссия қызметін жалғастырсын.

4. Қаржы министрлігіне кеден органдарының қызметкерлеріне зияткерлік меншік саласында тұрақты оқыту іс-шараларын жүргізуді және олардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілерін қамтитын қолдан жасалған тауарларды әкелу-әкету фактілерінің жолын кесу үшін кедендік бақылау тиімділігін күшейту бойынша ұсыныстарды қарастыру және тұжырымдау тапсырылсын.

5. Жыл сайын Үкімет отырыстарында денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, ұлттық экономика және ішкі істер министрліктерінің қолдан жасалған тауарлар, оның ішінде қолдан жасалған дәрілік заттар, медициналық жабдықтар, сондай-ақ тамақ өнімдері айналымының алдын алу мәселелері бойынша есептері тыңдалсын.

6. Ұлттық кәсіпкерлер палатасын және ішкі істер, қаржы министрліктерінің оқу орындарын тарта отырып, кеден органдарының қызметкерлерін, судьяларды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, шағын және орта бизнес субъектілері арасында оқыту бойынша іс-шаралардың ведомствоаралық жоспары әзірленсін және Премьер-Министрдің Бірінші Орынбасары деңгейінде бекітілсін.

7. Мәдениет және спорт министрлігіне құқық иеленушілерді және пайдаланушыларды, әсіресе, балалар мен жастар арасындағы пайдаланушыларды қоса алғанда, халық арасында құқық түсіндіру

жұмыстарын тереңдетуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар ретінде хабарлардың арнайы циклін жасау және оларды республикалық БАҚ-та тегін көрсету туралы нақты ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

8. Инвестициялар және даму министрлігіне зияткерлік меншік объектілерін Интернет желісінде заңсыз тарату фактілерінің жолын кесу, сондай-ақ инновациялық қызметті дамыту және ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістерге инвестицияларды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау мақсатында оларды пайдаланудың тұрақты мониторингін жүргізу тапсырылсын.

9. Білім және ғылым, инвестициялар және даму, сондай-ақ ауыл шаруашылығы министрліктеріне бюджет қаражаты есебінен жасалған зияткерлік қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауды және оларды мемлекеттік кәсіпорындардың материалдық емес активтері ретінде есепке алуды қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстарды тұжырымдау және оларды Үкіметке ұсыну тапсырылсын.

10. Ішкі істер министрлігіне және Қаржы министрлігіне (Мемлекеттік кіріс комитетіне) өз алқа отырыстарында зияткерлік меншік құқықтарын қылмыстық-құқықтық қорғау мәселелерін кемінде жылына бір рет Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын шақыра отырып қарауды практикасына енгізу тапсырылсын.

11. Мәдениет және спорт министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерінің тауар таңбасы ретінде Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетінің игілігі болып табылатын белгілерді пайдалануды келісу тәртібін әзірлеу бойынша шараларды қабылдау, сондай-ақ Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін Министрліктің ресми интернет-ресурсында орналастыру және БАҚ-та жариялау арқылы оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау тапсырылсын.

12. Жаңа техникамен және технологиялармен ішкі және халықаралық айырбас-алмасуға жағдай жасауды, ғылыми-техникалық өнім нарығын қалыптастыруды қамтамасыз етсін.

13. Адал бәсекелестікті ынталандыратын жағдай жасау туралы мәселені қарастырсын.

14. Ішкі нарықты контрафактілік тауарлардан қорғауды, отандық тауар өндірушілерді және қызмет көрсетушілерді қолдауды қамтамасыз етсін.

15. Контрафактілік, жалған және сапасыз өнімдердің айналымына, тамақ және фармацевтика қауіпсіздігі, қарақшылық музыкалық дыбыс- және бейнеөнімдерінің, сондай-ақ олардың Интернет желілерінде таралуына қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты жалғастырсын.

16. Өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты жолға қою және контрафактілік тауарлардың өтуінің жолын кесу мақсатында шекараларды кешенді басқарудың озық тәсілдерін және қазіргі заманғы технологияларды енгізу бойынша жұмысты жалғастырсын.

17. Осы өзіндік ерекшелікті салада білікті кадр персоналының жетіспеушілігіне байланысты жоғары оқу орындарында осы сала бойынша

курстар ұйымдастыру және мамандықтар енгізу туралы мәселені қарастырсын.

18. Зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау туралы және зияткерлік меншік құқығының, оның ішінде мемлекет мұқтажы үшін өнім жеткізген кезде бұзылу фактілері туралы ақпаратты өзара алу, оларды өндеу және тарату мақсатында мемлекеттік органдардың бизнес қауымдастығымен кешенді өзара іс-қимылын қамтамасыз етсін.

19. Тауар белгілерімен немесе өзге де дараландыру құралдарымен таңбаланған тауарларды азаматтық айналымға енгізудің құқыққа сыйымдылығы мәселелерін ескере отырып, тауар белгілеріне құқықтарды бұзуға байланысты құқық қолдану практикасын және заңнаманы жетілдіру жөніндегі мәселені пысықтасын.

20. Өнеркәсіптік меншік және өнертабыстарды, тауар белгілерін және зияткерлік меншік объектілерінің өзге де түрлерін тіркеу мәселелерін шешу үшін барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында Астана қаласында «бір терезе» қағидаты бойынша Патенттік сарай салу мүмкіндігін көздесін.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

1. 2015 жылы Астана экономикалық форумының тауар белгілерін сақтау мен қорғау мәселелері бойынша тақырыптық сессиясы аясында тауар белгілеріне құқықтарды тәмамдау қағидатын G-global ақпараттық-коммуникативтік алаңында онлайн-конференция барысында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын шақыра отырып, алдын ала талқылауды қамтамасыз ете отырып, осы қағидатты қолдану бойынша халықаралық практиканы және ұсынымдарды қарастыруды ұйымдастырсын.

2. Жоғарғы Сотпен (келісім бойынша), Сот төрелігі академиясымен және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК-мен бірлесіп республикалық деңгейде Қазақстан Республикасының судьялары үшін зияткерлік меншік саласында дауларды қарау мәселелері бойынша оқыту семинарын ұйымдастырсын.

3. Министрліктің және аумақтық әділет органдары деңгейінде өз құзыреті шеңберінде зияткерлік меншік мәселелері бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу артықшылықтары және Патенттік кооперация туралы шарт (РСТ) және Еуразиялық патенттік конвенция аясында халықаралық өтінім беру мәселелері бойынша құқық түсіндіру жұмыстарын жалғастырсын.

4. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауар белгілеріне берілген өтінімдерге сараптама жүргізудің әдістемелік базасын күшейту бойынша, сондай-ақ әлемнің ең дамыған 30 елінің халықаралық тәжірибесін ескере отырып, осы институт сарапшыларының және әділет органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын.

5. Дүниежүзілік Банк пен Қазақстан Республикасы арасындағы қарыз туралы ратификацияланған келісім (Сот төрелігі секторын институционалдық нығайту жобасы) аясында Дүниежүзілік Банкпен Жобаны іске асыру бойынша бірлескен жоспарға:

- судьяларды, әділет органдарының, құқық қорғау органдарының және кеден қызметінің қызметкерлері оқыту;

- осы салада озық көрсеткіштері бар ЭЫДҰ-ның 10 елінің тәжірибесін ескере отырып, заңнама мен практиканы жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

- өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу рәсімі бойынша әдістемелік ұсынымдарды, сондай-ақ заңнама бойынша ғылыми-практикалық түсініктемені дайындау;

- өнеркәсіптік меншік объектілерін сараптау және тіркеу бойынша практиканы жақсарту мақсатында әлем елдерінің өнертабыстар бойынша іздеу жүйелеріне техникалық қолдау көрсету бөлігінде іс-шараларды қосуды пысықтасын.

6. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің және зияткерлік меншік объектілерін тіркеуді, сақтауды және қорғауды тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін өзге де адамдардың жұмысын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырсын.

7. Зияткерлік меншікті сақтаудың әрбір жекелеген саласында кадрлар, жоғары білікті мамандар даярлау туралы мәселені қарастырсын.

8. Басқа елдердің тәжірибесін және халықаралық үрдістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырсын.

9. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуын анықтау, оның жолын кесу және оны тоқтату мақсатында Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырсын.

10. Өнімдер мен көрсетілетін қызметтерде өнертабыстың және техникалық құрамдастың үлесі жоғары болған сайын түсетін пайда да және халықтың өмір сүру деңгейі де жоғары болатындықтан зияткерлік меншіктің маңызы мен рөлін насихаттау бойынша жұмысты ұйымдастырсын. Себебі, барлық дамушы елдерде зияткерлік меншік елдің экономикалық әлауқатының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

11. Білім мен зияткерлік меншік шағын және орта кәсіпкерлердің табысты қызметінің айқындаушы факторы болып табылып, ал зияткерлік меншік объектілерін тиімді пайдалану олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратындықтан, жаңа жетістіктер мен әзірлемелер туралы ақпарат қалыптастыру және оны тарату туралы мәселені қарастырсын. Сондықтан зияткерлік меншікті пайдаланудың ұтымды жағдайларын және жаңалықтардың пайдасын – жарнамада, теледидарда, бұқаралық ақпарат құралдарында көрсету мақсатқа сай болады.

12. Зияткерлік меншік объектілерін тіркеу рәсімін жеңілдету және әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында Дүниежүзілік сауда ұйымы және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің халықаралық тәжірибесін зерделеу жөніндегі практиканы жалғастырсын.

13. Зияткерлік меншік құқығын сақтау және қорғау саласында мамандардың біліктілігін арттыру бойынша арнайы курстарды ұйымдастыру жөніндегі мәселені пысықтасын.